




«192 орта мектебі»  
Қысқа мерзімді жоспар


Жаратылыстану

<b>Бөлім:</b>	<b>Заттар және олардың қасиеттері</b>	
<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b>	Мамбеталиева Шамшия	
<b>Күні:</b>	8.04.2022	
<b>Сынып: 2</b>	Қатысушылар саны: 20	Қатыспағандар саны:0
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Судың түрлі күйі</b>	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау; 2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру үдерісін зерттеу; 2.3.3.3 судың табиғи көздерін анықтау;	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>Барлық оқушылар:</b> су көздерін атап, судың күйлері туралы әңгімелейді. Судың агрегаттық күйін, бақылаудың басты белгілерін біледі</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> Зерттеудің негізінде су күйлерінің өзгерісін сипаттайды</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Бақылау жүргізудің негізгі кезеңдерімен тәжірибе жасайды</p>	

**Сабақтың барысы**

<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы 5 мин	<p><b>Психологиялық ахуал.</b> Бір-біріне сәттілік тілеу (смайликтер қолдану) Шеңберге тұру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Көңіл - күйлерің қалай?</li> <li>- Керемет!</li> <li>- Сабаққа дайындықтарың қалай?</li> <li>- Тамаша!</li> <li>- Ынталарыңыз қалай?</li> <li>- Ғажап!</li> <li>- Ендеше сабағымызды бастайық!</li> </ul> <p><b>Үй тапсырмасын пысықтау.</b> "Кім жылдам" ойынын ойнату. Мыс: Су қасиеттерін айтады, сұрақтарына жауап береді</p> <p><b>«Суреттер арқылы» топқа бөліну</b></p>	Ширату	Басбармақ	
		суреттер		

	<p>Оқушылардың санына қарай суреттер тастаймын. Оқушыларға түрлі суреттер таратылып, бірдей суреттерді анықтайды, топтарға бөлінеді.</p> <p>1-топ «Су» 2-топ «Мұз» 3-топ «Бу»</p>  <p>-Ендеше бүгінгі сабағымыз не туралы болады?</p> <p><i>Үштілділік: Су – вода - water, мұз – лед – ice, бу – пар – steam</i></p>			
<p>Сабақтың ортасы 15 мин</p>	<p><b>(Ұжымдық) 1- тапсырма «Ашық микрофон» әдісі</b> арқылы жүзеге асады. Мәтінмен жұмыс жүреді.</p> <p>А) Сұрақтарға жауап бер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Бұлақ суы өзенге құйылғанда қалай өзгереді?</li> <li>- Таза су қандай болады?</li> <li>- Жапырақтағы тамшыларды қай кезде көруге болады?</li> <li>-Терезенің лас әйнегін мөлдір деуге бола ма? Неге?</li> <li>-Табиғатта мұз бен буды қайдан келтіруге болады?</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Табиғи су көздері туралы әңгімелейді.</li> </ul>	<p>-Білім алушы мәтінді оқиды.</p> <p>- Білім алушылар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p><b>ҚБ:</b> 1-10 балдық жүйе.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>10 мин</p>	<p><b>(Жұптық). 2- тапсырма «Бақылау» әдісі</b> арқылы жүзеге асады.</p>  <p><b>Бейнеролик.</b></p> <p>А) Фотосуреттерді салыстыр. Ортақ нәні байқадың? Олардың айырмашылығы неде?</p>	<p>-Білім алушы фотосуретті салыстыра алады.</p> <p>Тәжірибе</p>	<p><b>Смайлик арқылы бағалау</b></p> <p><b>Отпашу.</b></p>	<p>Бейнеролик</p>

<p>5 мин</p> <p>3 мин</p>	<p>- Суретке қара. Су қайда кетті?  - Мұз қалай пайда болады?  - Су қалай буға айналады?  - Бу қалай суға айналады?  - Неліктен мұз су бетінде қалқып жүреді?  - Мұзтаулар неліктен қауіпті?  - Табиғатта мұз бен буды қайдан кездестіруге болады?</p> <p><b>Дескриптор:</b>  - Фотосуреттерді салыстырады.  - Білім алушы сұрақтарға жауап береді.</p> <p><i>Сергіту сәті.</i></p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b>  <b>Есте сақтаны дәптерге жазады.</b></p> <p><b>4- тапсырма: ӨЖ «Біліп жүр»</b></p> <p>Жаңбыр немесе шық тамшылары жапырақ бетімен төмен сырғиды. Тау өзені сарқырап, сарқырама гүрілдеп, жылғалар сылдырлап ағады. Осының бәрі судың <b>аққыш</b> қасиетіне мысал болады.</p> <p><b>Дәм және иіс</b>  Иісі мен дәмі жағымсыз лай суды ішуге бола ма? Неге?</p> <p><b>Есте сақта!</b>  Су – Жердегі тіршілік көзі. Таза күйінде оның дәмі, иісі және түсі болмайды. Су аққыш, оның тұрақты пішіні жоқ.</p> <p><b>Ойлан</b>  Табиғатта таза суды қайдан кездестіруге болады? Табиғи су көздерінен су ішуге бола ма?</p>  <p><b>Дескриптор</b>  1. Агрегаттық күйдің өзгеру үдерістерін зерттей отырып, судың физикалық қасиеттері туралы біледі;  2. Судың қасиеттерін сипаттайды;</p>	<p>жасайды.</p> <p>Көркем деп жазу.</p> <p>Зерттеу әдісі.</p>	<p><b>ҚБ: 1-10 балдық жүйе.</b></p> <p><b>Өзін-өзі бағалау.</b>  (үш түрлі қалам арқылы)</p>	<p>бейнеролик</p> <p>Дәптермен жұмыс</p> <p>Шағын бейнеролик</p>
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p><b>Кері байланыс:</b> «Тілші» әдісі бойынша өтеді. Ортаға бір тілші шығып, оқушыларға сұрақ қояды.  <b>Оқу тапсырмасы:</b> Мәтінді оқып, су туралы әңгімеле.</p>	<p>Кері байланыс</p>	<p>«Медаль» арқылы</p>	